

№5 жалпы білім беретін мектебі кмм директордың тәрбие ісі-жөніндегі
орынбасарларының 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстар бойынша есебі

Абай ауылы

15.06.2023ж

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылған.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында,
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау,
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

- 1..Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-танымдық тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
- 4.Отбасылық тәрбие
- 5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- 6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- 7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
- 8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Тәрбие жұмысында нормативті құжаттарды басшылыққа алып бірыңғай талапта

толтырылуы қадағаланды. Бастауышта(1-4сыныптар) 10сынып және МАД 2 топ, орта және жоғары (5-11 сыныптар) сынып 18, барлығы 28 сынып бар. Барлық сынып жетекшілер 2021-2022 оқу жылына жылдық жоспарын жасақтап жоспар бойынша әр апта сайын сынып сағаттарымен бірге ЖЖЕ туралы оқу курстары да өткізілуде.

Сынып сағаттары «Тәрбиенің 8 бағытына» негізделіп жоспарланған. Сынып сағаттары 1-4 бастауыш, 5-7сынып орта буын және 8-11 сынып жоғарғы буын жас ерекшеліктеріне сай жасалынып өткізілуде. Сынып жетекшілер өткізген апта сайын өтілетін сынып сағаттары электронды журналға жазылады Сынып жетекшілер мен тәрбиешілерге отырыс өткізіліп тәрбие бағытында ауданнан ,облыстан қосымша мекемелерден келіп жатқан хаттар, қосымша жұмыстар да қосымша ақпараттар арқылы уақытылы сапалы өткізілді. Әр тоқсан сынып ата-аналарымен және жалпы мектептің ата-аналарымен жиналысы өткізілді.

1 қыркүйек «Білім күні» салтанатты жиыны «Рухани жаңғыру» жобасы аясында атап өтіліп, оқушылар жас ерекшеліктеріне сай «Білімге ұмтылу,еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

«Салауатты өмір салтын сақтау» дүниежүзілік денсаулық күні атап өтілді.Онда оқушылармен бір мезетте дене сергіту жаттығуларын жасады. «Шынықсаң шымыр боласың» спорттық сайыстар ұйымдастырылды. «Дәстүр мен ғұрып» бағыты бойынша оқушыларға «Домбыра-ұлт бейнесі» насихаттау жүргізілді. «Отбасы орта мектеп жобасы бойынша «Ұлағат» ата-аналар университетінің жұмыстары бойынша» ата-аналармен жиналыс өткізілді. «Құқықтық сана-қауымға пана» бағыты бойынша жол ережесін білу,балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Абайлаңыз, балалар» акциясы өткізіліп,акция аясында бастауыш сынып оқушыларымен "Жол белгілерін танық," «Абайлаңыз балалар», «Жол ережесін білейік – аман-есен жүрейік» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» мәдениетті қалыптастыру мақсатында «05.09-09.09.2022ж аралығында «Сыбайластыққа жол жоқ!» тақырыбында апталық өткізілді.12 қыркүйек «Отбасы күніне » орай «Отбасы-бақыт мекені», «Әкем айтқан нақыл сөз» тақырыбында сынып сағаттары, отбасылық бейнероликтер түсіру өткізілді.

«Дебат қозғалысы» бағыты бойынша «Ұшқыр ой алаңы» оқушылармен жоспарға сай түрлі тақырыптарда 9-10 сынып оқушылары арасында дебат өткізілді. «Ақылды волонтерлік» жобасы бойынша «Адамдарға қуаныш сыйла» ерікті оқушылар зейнеткер қарт ұстаз «Стибаева Бибажар» апайдың үйіне көмектесіп қайтты.

Мектептің президентін сайлауы науқаны жүріп,президентке үміткерлердің бағдарламалық жобасымен танысу,насихаттық жұмыстары жүргізіліп, президент сайлауы өткізілді.Сайлау нәтижесіне орай үміткерлер арасынан 10б сынып оқушысы Жанықұл Жадыра мектеп президенті болып сайланды.

Қазан айының басында «Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу,құқықтық тәрбие» бағыты бойынша «Құқықтық мәдениет» жобасы аясында «Қылмыссыз балалық шақ» мектепішілік семинар өткізілді. Семинар аясында оқушылар флешмоб, эссе жазу,«Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» тақырыбында 10-11 сынып ата-аналарымен дөңгелек үстел, сынып сағаты,сахналық қойылым қойып,бастауыш 3-4сынып оқушыларымен «Менің Отаным» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ» апталық өткізілді.Апталық аясында орталық мешіттің наиб имамымен кездесу өткізілді. «Қоғамдық тәртіп негіздері» дебат,

«Теріс діни ағымдардың қоғамға тигізер қаупі» 10-11 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел т.б. Қарттар күніне орай мектеп ардагер зейнеткер ұстазы Стибаева Бибажар апайдың үйіне кездесуге 10 сынып оқушылары барып қайтты.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша «Өнегелі бір сағат» жобасы аясында 1 қазақ қарттар күніне арналған сынып сағаттары өткізілді. 10-сынып оқушылары қарт ана ,,,,,, үйіне барып құттықтап,кездесіп қайтты. 5 қазан мұғалімдер күні қарсаңында ашық тәрбие сағаттары өткізіліп,өзін-өзі басқару ұйымымен бірлесіп дайындаған «Ұстаз деген жарқын күні ғаламның» тақырыбында концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. «Оқуға құштар мектеп», «Ұлттық тәрбие-құндылық бастауы» 5-9 сынып оқушыларымен эссе байқауы өткізілді. Ұлттық тәрбие ,отбасылық тәрбие бағыттары бойынша «Дәстүр мен ғұрып», «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Туған елге тағзым» өзін-өзі басқару ұйымы өлкеге еңбегі сіңген ардагерлер,құрметті азаматтары жайлы бейнебаян әзірлеп оқушыларға көрсетілді. Бастауыш және 5-8 сынып оқушылары «Бір отбасы-бір кітап» тақырыбында отбасылық кітап оқу бейнебаяндар түсірілімі жасалды.

«Еңбек,экономикалық және экологиялық тәрбие» бағыты бойынша «Экостар» жобасы аясында «Сақ болсаң-сау боласың!» бейнебаян түсіру жобасы іске асырылды. 5-11 сынып оқушы ұлдары арасында ұлдар жиналысы, 5-11 сынып қыздары арасында қыздар жиналысы болып өтті. Жиналыста «Жігер» ұлдар клубы төрағасы, «Жібек» қыздар клубы төрайымы сайланып тәртіп, салауатты өмір салты,жасөспірімдер гигиенасы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Өзін-өзі басқару» жұмысын жандандыру,АББ хатына сай «Дублер күні» өткізілді. «Ұстаздар күніне» орай мерекелік апталық өткізілді. Апталықта қабырға газеттері,мәнерлеп оқу, сурет салу,көңілді күн тренингтері,сауалнамалар, ашық тәрбие сағаттары т.б. ұйымдастырылып өткізілді.Балалардың өмір,жол қауіпсіздігі бойынша құқық қорғау,жол полиция қызметкерлерімен кездесу өткізіліп,түсіндірме жұмыстары жүргізілді.3-4 сынып оқушы қыздарымен «Күз ханшайымы», «Күз аруы» байқаулары өткізілді.

Қараша айында 15қараша «Ұлттық валюта» күні,ҚР рәміздеріне 29 жыл толу мерекелері атап өтілді. «Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты» бағыты бойынша отбасылық турнир өткізілді. «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын» оқушылар арасында спорттық сайыстар өткізілді. (шахмат,тоғызқұмалақ, волейбол,кіші футбол) т.б.Оқуға құштар мектеп жобасы аясында М.Мақатаевтың 91 жас толуына орай ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқудан сайыс болып өтті.т.б. Құқықбұзушылықтың алдын-алу болдырмау мақсатында құқық қорғау орган қызметкерімен және салауатты өмір салты,нашақорлықтың, жаман әдеттен бойын аулақ салу бойынша дәрігер мамандармен (нарколог,гинеколог,психолог) кездесулер ұйымдастырылды.

Желтоқсан —«Тәуелсіздік-орындалған арман.Қазақстан жолы.» 1 желтоқсан ЖИТС ке қарсы күрес күніне орай «ЖИТС қауіптілік» 8-10 сынып оқушыларымен сынып сағаттары өткізілді. «Тәуелсіздік-орындалған арман.Қазақстан жолы.» «Тәуелсіздіктің 30 қадамы» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Жасөспірімдер және балалардың «Жас Ұлан» , «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 2 және 5 сынып оқушыларын қабылдауға арналған салтанатты жиын болып өтті.«Отбасылық тәрбие» бағыты бойынша «Театр және балалар» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларының «Ертегілер әлемі» сахналық қойылым болып өтті. 1-4 сынып оқушылары әр сынып бір ертегіден үзінді көрсетті.Үздік деп 3б сыныбы танылды. «Бауырсақ» ертегісінен шағын көрініс жасалды. Жаңа жылдық мерекеге арнайы бастауыш сынып оқушыларына театрлық қойылым көрсетіліп,оқушылар өз өнерлерін көрсетті.Тұрмысы төмен отбасылардың 5 оқушы,үйде оқытылатын 4 оқушыға сыйлықтар(тәттілер)

ұйымдастырылып үлестірілді. Оқушылардың қысқы каникулын дұрыс ұйымдастыру мақсатында мектепте тегін 9 үйірме өз жұмысын жүргізді. Оқушылармен түрлі спорттық сайыстар өткізілді. Жалпы тәрбиенің 8 бағыты аясында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып іс-шаралар жүргізілді. М.Маметованың туғанына 99 жыл толуына орай «Ғасырдың дара перзенті» сынып сағаттары, «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді» дөңгелек үстел өткізілді. Ақпан-наурыз айларында «Адал ұрпақ» еріктілер клубының мүшелері «ауған соғысының ардагері» Бақтиярұлы .Бахраммен кездесу өткізілді. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Ұмыт бола бастаған ұлттық тағамдар» 8-9 сынып оқушылары арасында ата-аналармен бірлескен челлендж ұйымдастырылды. «Өнерлі бір сағат» жобасы аясында Дина Нұрпейісованың туғанына 161 жыл толуына орай «Даламды күймен тербетемін» мектептің үйірме жұмысы жас домбыашылар челлендж өткізді. 1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай «Өнегелі бір сағат жобасы аясында» тәрбие сағаттары, бейнероликтер түсіру, алғыс жолдау, Ал 8-наурыз және әз Наурыз мерекесіне орай тәрбие сағаттары, мерекелік ұлттық қойылымдар, ұлттық ойындар, ұлттық қолөнер көрмесі және «Көктем ары» байқауы өткізілді. Салауатты өмір салтын насихаттауға арналған түрлі сайыстар өткізілді. Отбасылық тәрбиеге байланысты бастауыш сынып оқушыларымен «Әже мен немере» байқауы, «Ана мен бала», «Қазақтың дәстүрлері» байқаулары өткізілді. «Экостарт» жобасы аясында «Оңтүстіктің киелі мекендеріне саяхат» бейнесюжет түсіру жобасы жас блогерлерге арналған конкурс өткізілді. Конкурса 8-9 сынып оқушылары қатысты. «Бір отбасы-бір ағаш» акциясы өткізілді. Акция аясында оқушылар ата-аналарымен өздері тұратын үйдің аулаларына, көшелерге ағаштар отырғызып, бейнежолдау жүргізді. «Отбасы – мектеп» жобасы аясында «Отбасымен өткізген қуанышты сәттер» бастауыш сынып оқушыларының бейнетүсірілім байқауы өткізілді. 1 мамыр және 7,9 мамыр мерекелік тәрбие сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Көшбасшы» дебаттық қозғалыстың қорытынды нәтижесі бойынша пікірталас, оқушылардың өмір қауіпсіздігіне байланысты «Судағы қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары» танымдық сабақтар өткізілді. 25 мамыр оқу жылының аяқталуына байланысты «Сыңғырла, соңғы қоңырау» салтанатты жиын және «Қош бол, алтын ұя мектеп» мектеп бітіруші түлектерінің аттестат алу кеші ұйымдастырылып өткізілді. Жыл бойы мобильді топ өз жұмысын жүргізді.

Мектеп директорының тәрбие ісі

жөніндегі орынбасарлары:



Г.Сулейменова



Г.Артық